

## ТБИ үшін базистік кезең дегеніміз не?

Бұл индекстің мәні 100%-ға тең болып белгіленетін кезең. Индекстік базистік кезеңі көбінесе жыл болып табылады, бірақ ол ай немесе басқа кезең болуы да мүмкін. Базистік жыл бес жылда бір рет жаңартылады. Қазіргі уақытта ТБИ үшін базистік жыл 2015 жыл болып табылады.

Мысалы, баға индексі 2017 жылғы мамырда 2015 жылғы желтоқсанға 112% тең. Бұл осы жағдайда базистік кезеңі 2015 жылғы желтоқсан (2015 жылғы желтоқсан =100%) екенін көрсетеді.

## Қазақстанда халықтың әртүрлі топтары үшін ТБИ есептеліне ме?

Қазақстанда қазіргі уақытта негізгі ТБИ-ға қосымша ретінде халықтың ең төмен және ең жоғары ақшалай табыстары бар топтары үшін тұтыну баға индексі есептелінеді. Мұндай индекстер зат сатып алуға қалаулардың және табыс деңгейіндегі ерекшеліктерге байланысты, осы топтардың тұтыну шығындарының құрылымына сәйкес, тауарлар мен қызмет көрсетулердің түрлі жиынтықтары бойынша баға өзгерісін сипаттайды.

## ТБИ менің жеке тұтыну қоржынымдағы тауарлар бағасының өзгерісін ескере ме?

Міндетті емес. ТБИ қоржыны тұтыну шығындарының құрамы мен құрылымы туралы орташа мәліметтер негізінде қалыптасады. Мысалы, Сіз немесе сіздің отбасыңыз ет қолданбайсыздар. Егер еттің бағасы басқа тамақтарға қарағанда тез өссе, онда Сіздің жеке инфляция деңгейіңіз халыққа тұтастай алғанның төмен болады. Және керісінше, егер Сіз медициналық шығындарға әдеттегіден қарағанда көп шығындансаңыз, онда ТБИ қоржынындағы басқа баптар бойынша баға өсімі деңгейі бірдей болса да, Сіздің жеке инфляция деңгейіңіз орташа ұлғаю көрсеткіші деңгейінен жоғары болады.

Бұдан басқа Сіз жеке сатып алған тауарларыңызға бағаның өзгеруі бағаны түркеу орындары мен кезеңдерінің ерекшелігіне байланысты ұлттық индекстермен немесе жеке аймақтық индекспен сәйкес болмауы мүмкін.

## ТБИ қалай есептеледі?

ТБИ қоржынына кіретін әр айқындама бойынша бағаның жеке индексі (элементарлық) ағымдағы және өткен айлардағы бағаның бөлінді ретінде есептеледі.

Бағалардың жеке индексі және сәйкес салмақтар негізінде топтар, бөлімдер бойынша бағалар индексі және жиынтық ТБИ қалыптасады. Оларды есептеу үшін халықаралық стандарт ретінде қолдануға ұсынылған Ласпейрес формуласы қолданылады.

$$I_L = \frac{\sum \frac{P_t}{P_{t-1}} (P_{t-1} \times Q_0)}{\sum P_0 \times Q_0} \times 100$$

$$P_{t-1} \times Q_0 = P_0 \times Q_0 \times \frac{P_1}{P_0} \times \frac{P_2}{P_1} \times \dots \times \frac{P_{t-1}}{P_{t-2}} \quad \text{болғанда}$$

мұнда

$I_L$  – t-1 кезеңімен салыстырғандағы t кезеңі үшін баға индексі;

$\frac{P_t}{P_{t-1}}$  – кезеңінің t-1 кезеңіне тауар (көрсетілетін қызмет) түрі бойынша жеке баға индекстері;

$P_0 \times Q_0$  – салмақтау сызбасын құру үшін негіз ретінде пайдаланылатын базистік кезең бағаларындағы тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) құны;

$P_{t-1} \times Q_0$  – есепті кезеңдегі тауар (көрсетілетін қызмет) құны;

$\frac{P_1}{P_0} \times \frac{P_2}{P_1} \times \dots \times \frac{P_{t-1}}{P_{t-2}}$  – өткен кезеңге тауар (көрсетілетін қызмет) түрі бойынша жеке баға индекстерінің көбейтіндісі.

## ТБИ қандай ресми басылымда жарияланады?

Ай сайын:  
«Инфляция туралы» және «Азық-түлік тауарларының бағасы» баспасөз хабарламасы;  
«Қазақстан Республикасындағы инфляция туралы» жедел ақпарат;  
«Қазақстан Республикасындағы тұтыну бағасының индексі» статистикалық бюллетені;  
«Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы» ақпараттық-талдау журналы, «Баға» бөлімі.  
Жыл сайын – «Қазақстан Республикасындағы тұтыну нарығындағы бағалар» статистикалық жинағы.

## ТБИ туралы ақпаратты қашан және қалай алуға болады?

ТБИ ай сайын айдың алғашқы күндерінде жарияланады. Ақпарат барлық пайдаланушылар арасында бір уақытта таратылады және қысқаша әдіснамалық түсініктемелермен беріледі.

Статистикалық ақпараттарды: Интернет арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің сайтындағы – <http://www.stat.gov.kz>, «Ресми статистикалық ақпарат» бөлімі, «Баға мен тарифтер» кіші бөлімінен алуға болады.

## Сіздің басқа сұрақтарыңыз бар ма?

Баға статистикасы  
басқармасына хабарласыңыз:

### Әсел Сауқымбекқызы Шауенова

Басқарма басшысы  
Тел. +7 7172 749057  
E-mail: a.shauenova@economy.gov.kz

### Алтынай Болатқызы Құмашева

Бас сарапшы  
Тел. +7 7172 749265  
E-mail: al.kumasheva@economy.gov.kz

## Біздің мекенжайымыз:

Қазақстан Республикасы, 010000  
Астана қаласы, Мәңгілік ел, 8  
Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс  
Ақпараттық қызмет: +7 7172 749010, 749011  
Факс: +7 7172 749546  
E-mail: kazstat.rk@gmail.com  
Интернет-ресурсы: <http://www.stat.gov.kz>  
Таралымы: 300 дана



Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті

[www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

## Тұтыну бағасының индексі: сұрақтар мен жауаптар

### ТБИ деген не?

Тұтыну бағасының индексі (бұдан әрі - ТБИ) – бұл халықтың жеке тұтыну үшін сатып алған тауарлар мен қызметтердің тіркелген тізбесі бойынша бағалардың орташа деңгейінің әр уақыттағы өзгерісін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.

### ТБИ инфляция деңгейін бағалау болып табыла ма?

Иә. Инфляция деңгейі ТБИ мәнімен айқындалады.

### ТБИ қандай жерде қолданылады?

- инфляцияны бағалау үшін;
- мемлекеттік бюджетті, мемлекеттің ақшалай-кредиттік және салықтық-бюджеттік саясатын қалыптастыруда;
- әлеуметтік бағдарламаларды, ақшалай табыстардың индекстелуін, әлеуметтік жәрдемақыларды, басқа индикаторларды қайта қарау үшін;
- жеке секторда ұзақ мерзімді шарттар жасағанда.

### ТБИ-дің халықаралық салыстырмалылығы қалай қамтамасыз етіледі?

ТБИ-дің қалыптасуы ХЕҰ/ХВҚ/ЭЫДҰ/Еуростат/ЕЭК БҰҰ/Дүниежүзілік банкімен белгіленген халықаралық стандарттары мен талаптарына сәйкес жүзеге асырылады «ТБИ бойынша нұсқау: теория және тәжірибе (2007 жыл)» ([http://www.imf.org/external/pubs/ft/cpi/manual/2004/rus/cpi\\_ru.pdf](http://www.imf.org/external/pubs/ft/cpi/manual/2004/rus/cpi_ru.pdf)). Бағаны тіркеу, байқау объектілерін, тауарлар (қызмет көрсетулер) мен олардың жіктеуішіні, индексті есептеу әдіснамасын іріктеу рәсіміне (формулалар, салмақтық құраушылар) қатысты жалпы ережелер барлық елдер үшін бірыңғай.

## Әр елдердегі ТБИ-ді құру тәсілдерінде айырмашылықтар бар ма?

Бар. Айырмашылықтар салмақтық құрамдас бөліктердің ауысу жиілігіне, баға жинау кезеңділігіне, аумақтық қамтуға, елдің ерекшелігін көрсететін нақты тауарларды (қызмет көрсетулерді) іріктеуге қатысты болады.

## Қазақстан ТБИ-нің халықаралық критерийлерге сәйкестігі қалай анықталады?

Қазақстан Республикасында ТБИ-ді есептеу әдістемесі бірнеше рет Халықаралық Валюталық Қордың, БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының, Еуростаттың сараптамынан өтті және де халықаралық стандартқа сай деп танылды (1995 жыл, 1997 жыл, 2002 жыл, 2003 жыл, 2007 жыл, 2008 жыл, 2017 жыл), <http://www.stat.gov.kz>.

## ТБИ құруда қандай ақпарат қолданылады?

ТБИ есептеу екі дереккөзден:

- бағаны тіркеу деректерінен;
- тұтыну шығындары құрылымының бөлігінде үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеу материалдарынан алынған ақпарат негізінде жүргізіледі.

## «Тұтыну шығындары» дегеніміз не?

Тұтыну шығындары – бұл тамақ өнімдерін, алкогольдік ішімдіктер, азық-түлік емес тауарларды сатып алуға және ақылы қызметтерге жұмсалған ақшалай шығындардың бөлігі. Тұтыну шығындары туралы ақпарат үй шаруашылықтарының белгілі бір кезең ішіндегі өздерінің ақшалай шығындары туралы күнделікке жазу мәліметтері бойынша қалыптасады.

## ТБИ үшін тауарлар мен қызмет көрсетулер жиынтығы деген не?

ТБИ үшін тауарлар мен қызмет көрсетулер жиынтығы (көбінесе «қоржын» деп атайды) – бұл халықтың тұрақты сатып алған заттары (сатып алынған қызмет көрсетулер) негізін құрайтындардың тізбесі және тұтыну шығындарында едәуір салмағы бар. «Қоржынға» жаппай сураныс тауарлары мен қызмет көрсетулері, сондай-ақ пайдаланылуы міндетті емес жекелеген тауарлар (қызмет көрсетулер) (зергерлік бұйымдар, автокөліктер және оларға техникалық қызмет көрсету және с.с.) кіреді.

## ТБИ орташа тұтынушының шығынын көрсете ме?

Иә. ТБИ қоржынын құру үшін үй шаруашылықтарының табысы деңгейіне немесе тұрғылықты орнына қарамастан, олардың барлық типтерінің іріктелген шеңбері бойынша оларға сатып алулары және шығындары туралы мәліметтер пайдаланылады.

## ТБИ қоржыны тұтынушылардың қазіргі заманғы талғамдары мен қалауларын көрсете ме?

Иә. Іріктеу мерзімді қайта қарастырылып тұрады, үй шаруашылықтары тұтынуында өзінің маңызын жоғалтқан тауарлар (қызмет көрсетулер) жаңаларымен ауыстырылады.

## Қазіргі уақытта ТБИ үшін тауарлар мен қызметтердің тіркелген жиынтығына 510 атау енген



## ТБИ қоржынына қандай тауарлар мен қызметтер енгізілген?

166 азық-түлік тауарлары – нан өнімдері және жармалар, ет және ет өнімдері, балық және теңіз өнімдері, сүт өнімдері, жұмыртқа, май және тоң май, жемістер және көкөністер, қант және кондитер өнімдері, алкогольсіз сусындар, алкогольді ішімдіктер және темекі өнімдері;

253 азық-түлік емес тауарлар – киім және аяқ киім, үй керек-жарақтары және тұрмыстық техника, дәрі-дәрмектер, жеке қолданатын тауарлар, спорт және демалысқа арналған тауарлар, жанар-жағармай және жылытуға арналған материалдар және басқалар;

91 ақылы қызметтер – тұрғын үй-коммуналдық сала, медицина, көлік, байланыс, мәдениет және демалыс, білім беру, мейрамханалар мен қонақ үйлер, қаржы, құқықтық, сақтандыру және басқалар.

## Үй шаруашылығы шығындарының қандай баптары ТБИ-ға енгізілмеген?

Тұрғын үй-жайларды, бағалы заттарды (өнер туындылары, антикварлық бұйымдар және т.б.), акциялар мен облигацияларды сатып алуға жұмсалған шығындар тұтынушылық ретінде қарастырылмайды.

## Тұрғын үй нарығындағы бағалар ТБИ-ға енгізіле ме?

Жоқ. «Тұтыну бағасының индексі бойынша нұсқау: теория және тәжірибеге» сәйкес тұрғын үй-жайларды сатып алуға жұмсалған шығындар тұтыну тауарлары ретінде қарастырылмайды, сондықтан ол ТБИ қамту саласынан шығарылып тасталады.

ТБИ-да тұрғын үй-жайлардың иелері оларды жалға бергені үшін жалдау ақысы, тұрғын үй үшін төлемақы (ТКК қызметтері) және оны күтуге жұмсалған шығындар есепке алынады.

## Жіктелімнің қандай жүйесі қолданылады?

Халықтың тұтыну шығындарының баптарын топтарға және бөлімдерге бөлу Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен әзірлеген және халықаралық стандарт ретінде қолдануға ұсынылған мақсаттар бойынша жеке тұтыну жіктеуішіне (МЖТЖ) сәйкес жүргізіледі.

## Қандай тауарлар МЖТЖ-ге кіреді?

Төмендегі тауарлар мен қызметтерді біріктіретін 12 бөлімді бөліп көрсетеді:

- тамақ өнімдері және алкогольсіз сусындар;
- алкогольді ішімдіктер, темекі өнімдері;
- маталар, киім және аяқ киім, киімді күту және аяқ киімді жөндеу, галантереялық тауарлар;
- тұрғын үй-коммуналдық қызметтер, отын түрлері, пәтер жөндеу қызметтері және оларға арналған тауарлар;
- жиһаз, кілемдер, тұрмыстық техника, ыдыс-аяқ, жуғыш және тазалау құралдары;
- денсаулық сақтау қызметтері және фармацевтикалық препараттар;
- қоғамдық көлік қызметтері, жеке меншік көлік сатып алу, жанар-жағар май материалдары, автомобильдерге техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер;
- почта қызметі, телефон, ұялы байланыс және байланыстың басқа да түрлері;
- мәдени шаралармен, спортпен шұғылдану, ойындар мен бос уақытта шұғылданатын басқа да шаралармен байланысты тауарлар мен қызметтер;
- балабақшалар, мектептер, колледждер, жоғары оқу орындарының қызметтері және ересектерге арналған білім беру бағдарламалары;
- қонақ үйлерде орналастыру қызметтері және мейрамхана, дәмхана мен асханалардағы тамақ өнімдері мен сусындарды тұтыну;
- әр түрлі тауарлар мен қызметтер (жеке қызмет көрсету, сақтандыру, құқықтық, қаржы, салт-жора қызметтері және басқалар).

## «Салмақ» термині нені білдіреді?

«Салмақ» - үй шаруашылықтарының шығындар сомасында олардың үлестерімен өлшенетін, тауарлар мен қызметтердің салыстырмалы мәнін көрсетеді. Әрбір тауар немесе қызмет көрсетуге арналған «салмақ» осы тауардың немесе қызмет көрсетудің баға өзгерісі жалпы индекснің көлеміне әсері дәрежесін анықтайды. Мысалы, ТБИ-дағы нанның салмағы 0,01295-ге тең немесе үй шаруашылықтарының нанға деген орташа шығыны 1,3%-ды құрайтынын көрсетеді.

## «Салмақ өлшеу сызбасы» термині нені білдіреді?

ТБИ салмақ өлшеу сызбасы индекске қосылған тауарлар мен қызметтердің тіркелген жиынтығы бойынша халықтың тұтыну шығындарының құрылымын көрсетеді. Жалпы тұтынушылық шығындарындағы әрбір баптың үлесі (тауардың немесе қызметтің) оның салмағы болып табылады.

## 2016 жылы пайдаланылатын ТБИ-ді есептеуге арналған салмақ өлшеудің сызбасы

Тауарлар мен қызметтер	100
Азық-түлік өнімдері және алкогольсіз сусындар	35,14
Нан өнімдері және жармалар	6,13
Ет (ет өнімдерін қоса)	9,80
Балық және теңіз өнімдері	1,06
Сүт өнімдері	4,05
Жұмыртқа	0,69
Май және тоң май	2,08
Жемістер және көкөністер	5,94
Қант және кондитерлік өнімдер	2,59
Басқа санаттарға енгізілмеген азық-түлік өнімдері	0,91
Алкогольсіз сусындар	1,89
Алкогольді ішімдіктер мен темекі өнімдері	2,50
Алкогольді ішімдіктер	1,73
Темекі өнімдері	0,77
Киім және аяқ киім	11,58
Тұрғын үй қызметтері, су, электрэнергиясы, газ және отынның басқа да түрлері	15,90
Үй қызметіне қажетті заттар	5,45
Денсаулық сақтау	3,12
Көлік	9,91
Байланыс	4,13
Демалыс және мәдениет	2,75
Білім беру	2,68
Мейрамханалар мен қонақ үйлер	1,70
Әртүрлі тауарлар мен қызметтер	5,14
Тауарлар	67,78
Азық-түлік тауарлары	37,63
Азық-түлік емес тауарлар	30,15
Ақылы қызметтер	32,22

## Салмақ өлшеу сызбасы қаншалықты жиі қайта қаралады?

Халықаралық ұсыныстарға сәйкес жыл сайын.

## ТБИ үшін баға ақпараты қайда жиналады?

Бағаларды (тарифтерді) тіркеу республика астанасында, Алматы қаласында, барлық облыс орталықтарында және халықтың басым көпшілігі тұратын және деректерді жинау негізленген белгіленген талаптарды есепке алатын тауарлар мен қызметтердің қолданыстағы саласы тұрақты бағалық ақпарат алуды қамтамасыз ететін аудан орталықтарында жүзеге асырылады.

Мамандар ақпарат жинауды сауда объектілері мен ақылы қызметтердің іріктеме шеңбері бойынша жүргізеді.

## Бағаны тіркеу қандай сауда объектілерінде жүргізіледі?

Бағаны тіркеу тауарлардың (қызметтердің) айтарлықтай көлемі сатылатын сауда объектілерінде және қызмет көрсету орындарында жүзеге асырылады. Олар елді мекеннің әртүрлі бөліктерінде орналасқан (орталықта, шағын аудандарда, шетте).

Тауарлардың кең ауқымды түрлері мен ақылы қызметтері бар объектілерде (гипермаркеттер, әмбебап дүкендер, сауда үйлері, арнайы дүкендер мен кешенді ақылы қызмет көрсететін объектілер), тауардың немесе ақылы қызметтің бір-екі тобын сататын шағын және орташа объектілерде, заттар, азық-түлік және аралас базарларда іріктеледі. Нарықта үстем орын алатын кәсіпорындар (монополистер) міндетті түрде енгізіледі.

## ТБИ құрамына кіретін әр өкіл-тауар (қызмет) бойынша қанша бағалық белгілінім жиналады?

Әр өкіл тауарға (көрсетілетін қызметке) кем дегенде 6 баға белгілінімі тіркеледі. Ерекшелікті реттелетін және бәсекелес ортада болатын көрсетілетін қызметтер түрі (тұрғын үй-коммуналдық, байланыс, көлік және басқалар) құрайды.

## Бағаны тіркеу қалай жүзеге асырылады?

Бағаларды тіркеу арнайы кестеге сәйкес ай сайын жүзеге асырылады. Баға тіркеудің негізгі шарты – нақты сауда объектісінде тауарлардың (қызметтердің) белгілі бір түріне өткен кезеңдегі айдың сол күні тіркелген бағаларды тіркеу болып табылады. Ауытқуы 1-2 күннен аспауы тиіс.

Баға ақпараттарын жинауды осы мақсатқа таңдалып алынған сауда объектілері мен қызмет көрсету орындарына затбелгілерден (бағалықтан) санау немесе базардағы сатушылардан сұрау арқылы жүргізіледі.

## Тіркеу кезінде тауар бағасының қандай өзгерістері ескеріледі?

Тауарға тек бағалық өзгерістер ғана қадағаланады. Тауар сапасының, санының, түр-түрінің жылжуының және басқа да «бағалық емес» факторлардың өзгеруіне байланысты бағадағы ауытқулар ескерілмейді. Бағаны тіркеудің салыстыру кезеңдерінде тауар (қызмет):

- бірдей сапада болуы;
- төлемнің және сатудың бірдей шартында өткізілуі;
- санның бір мәнді бірліктері бар болуы керек.

Бұл үшін баға жинауымен айналасатын мамандар іріктелген тауарларға (қызметтерге) олардың атауы, барлық сапалық және техникалық атрибуттарының сипаттамасы бар толық сипаттамаларын құрайды. Бұл тізбекті кезеңдерде, бірдей сауда объектілерінде байқалатын тауарларды (қызметтерді) теңдестіруге мүмкіндік береді.

## ТБИ-де тауарға деген жеңілдіктер мен жаппай сатулар ескеріле ме?

Бағаны тіркеу кезінде тауар сапасының өзгермеуі міндетті шарт болып табылады. Таратушы жаппай сату бағалары бойынша сатылатын ескірген, тауарлық түрін жоғалтқан, сапалық тозған, бұзылған немесе ақауы бар тауарларға қатысты жеңілдіктер мен жаппай сатулар ТБИ-де ескерілмейді.

## Пайыз бен салым арасындағы айырмашылықтар қандай?

Пайыз қандай да бір тауарға белгілі бір уақытта бағаның өзгеруін көрсетеді, ал салым – ол осы пайыздық өзгерістің ТБИ жалпы мәніне әсерінің мөлшері.

Салым тауар (қызмет көрсетулер) бағаларының өзгеру мөлшеріне және оның салмағына тәуелді. Тауардың салмағы және оған баға өзгерісі көп болған сайын, ол индекске соғұрлым әсерін көбірек тигізеді.

## ТБИ есептелетін қандай да бір белгіленген кезеңдер бар ма?

Иә, ТБИ ай сайын есептеледі. Индекс төмендегілермен:

- ағымдағы айды өткен аймен, өткен жылғы желтоқсанмен, өткен жылғы сәйкес аймен, базалық кезең- 2015 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда;
- ағымдағы кезеңді өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда;
- ағымдағы тоқсанды өткен тоқсанмен және өткен жылдың сәйкес тоқсанымен салыстырғанда анықталады.